



Мектеп тәлімгерінің 1-ші жарты жылдық корытынды есебі

Тәлімгер :А.Джураева

2021-2022 оку жылы

**№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Мектеп тәлімгерінің


2021-2022 оқу жылындағы 1-ші жарты жылдық қорытынды есебі.

Мақсатым: Оқушылармен жарты жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізе отырып, оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығын арттыру. Отан сүйгіштікке баулу.


Жылдық жоспар бойынша тәрбиенің бағыты бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмын. Жылдық жоспарым оқу жылының басында жасалып, бекітілген. Тәрбие ісінің менгерушісімен, мектеп тәлімгерімен, психологпен, әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүргізетін жұмыстардың жоспары да жеке-жеке жасалып, бекітілген. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін.

1.1-қыркүйек «Білім күні» мерекесін «Кел балалар оқылық!» атты салтанатты жиын Ақжар ауылындағы №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің ұстаздар қауымы, ата-аналар, оқушылар айрықша қуанышты қөңіл күймен атап өтті..Ақжар ауылдық округі әкімі Е.Сапарбаев мырза да өз тілегін білдірді. Мектебіміздің директоры сөз алып, оқушыларды, ұстаздарды білім күнімен құттықтады. Жиын сонында 11 сыныптың үздік оқушысы Есенәлі Қыдырәлі мен 1 сыныпқа қабылданған Мұхтар Медина алғашқы қоңырауды сынғырлата соғып, 11 сынып оқушылары, 1 сынып оқушыларына «Әліппе» кітабын табыстады. Барлық сынның сағына күткен парталарына отырды. Мемлекеттік туымыз салтанатты түрде кіргізіліп, шығарылды. Барлық сынныптарда «Кел балалар оқылық!» атты алғашқы ашық тәрбие сағаты өткізілді.


1-сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады.




Алғашқы қоңыраудың соғылу сәті.



1-сынып оқушыларының «Әліппе» кітабын қабылдап алуды.



2.Қыркүйек айының басында әлеутеттік жағдайы төмен оқушыларды мектепке тарту мақсатында «мектепке баар жол» акциясы үйымдастырылды.Мектебімізде бірқатар мұғалімдер,ата-аналар әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға демеушілік жасады.



Қыркүйек айының 3 аптасында тіл мерекесіне орай «Туған тілім- тірлігімнің аймағы» атты арнайы іс-шара бойынша 6 сынып оқушылары арасында «Тіл білгірі» зияткерлік сайысы болып өтілді. Сайыс үш кезеңнен арқылы болып өтілді.

1. Ана тілі білімнің кілті.(сұрақ-жауап)
2. Қызықты ұйқастар.(әр оқушы сөздің ұйқасын тауып айтады).
3. Оқушылардың әдеби монтажы.(жатқа өлең оқу).

Оқушылар өз ойларын еркін айтып, білімдерін көрсете білді.

Сайысқа қатысқан оқушылар марапатталды



Оқушылардың топпен жұмыс жасау барысы



5. Қыркүйек айының 4 аптасында «Отбасы» күніне орай, 4-сынып оқушылар арасында «Толағай» отбасылық сайысы ұйымдастырылды. Сайыс 6 кезеңнен болып өтілді. Сайысқа 5 отбасы қатысты. Әр отбасы жарыста жақсы өнер көрсете білді.


Сайысқа қатысқан отбасылар мүшелері



Женіске жеткен отбасылар мараллапталды.



Ойыншылардың жарысқа қатысу кезеңінен үзінді



«Отбасы» күні орай «Менің бақытты отбасым» тақырыбында 7,8,9,10 сыныптар аралығында сурет көрмесі болып өтті.

Жеңімпаз сыныптар марапатталды.



Отбасы күніне орай «Менің отбасым» тақырыбында мектеп ауласына сурет салу байқауын ұйымдастырылды.



6. Қыркүйек айының соңғы аптасында 7-11 сынып оқушыларының қыз балалар арасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз интернет жайлы мектеп медбикесі Сман Зәуре“Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктен сактану” тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп психологы Байбакова Д. ДТІЖО Сейдалиева Н. Тәлімгер Джураева А, ұйымдастырушы педагог Алимбекқызы Қ. ұйымдастырылуымен жиналыс өткізілді.



Мектеп психологы Байбакова Д. ДТІЖО Сейдалиева Н. мектеп медбикесі Сман Зәуре түсіндірме жұмысын жүргізу сәті.

7. 1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» атты баяндама, линейкада , яғни ұлken үзіліс кезінде оқушылар назарына ұсынылды. Бұл мереке барлық әлемде аталып өтетіні туралы айтылды.



01.10.2020

Халықаралық қарттар күніне орай, ардагер ұстаздарды құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп қайтты.

8. 5 қазан – Халықаралық ұстаздар мерекесіне орай оқушылар «Өзін-өзі басқару» мақсатында бір күндік күнделікті сабак жоспарын жазып, ұстаздардың орнына өздерін қойып көрді. Ұстаздардың қызметінің қаншалықты ауыр екеніне көздерін жеткізіп, мын да бір алғыстарын білдірді. «Ұстаздар» күнінің 2-жартысында «Ұстаз аты биік - әрі мәңгілік» атты мектепшілік іс-шара өткізілді. И-шара жоғары дәрежеде өтілді. Оқушылар ұстаздар қауымына өз ақ тілектерін білдірді. Ұстаздарға арнап оқушылардың жүректі жарып шыққан өлең жолдары оқылды. «Ұстазым» эні оқушылардың орындауында хормен орындалды. Чинташева Бибігүлдің орындауында «Ардакты ұстазым» эні көпшілікке тарту етілді. 4-сынып оқушыларының орындауында тамаша биленді. Жоғары сынып оқушыларымыздың тамаша биімен кешіміз қорытындыланды.

Кештің басталуынан үзінді



11-сынып оқушыларының «Қазақша би»



Концерттік бағдарламадан үзінді

9. 7 қазан күні Өзін-өзі басқару Парламент үйіміна Президент сайлауды өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті

жетілдіру мұддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектебімізде 10-11 сыныптар арасында өзін-өзі басқару парламент үйіміна президент сайлауы өтуіне байланысты, үміткер оқушылар үгіт жұмыстарын жүргізді.

Сайлауға мектебіміздің директоры, Оку ісі жөніндегі орынбасары, Бейін ісі жөніндегі орынбасары, ДТІЖО, мектеп психологы және мектеп пән мұғалімдері өз дауыстарын берді.

Дауыс беру сәтінен үзінді.




Мектеп директоры Ж.Еспенбетов




Оку ісі жөніндегі орынбасары
Г.Сатымбекова

Сайлауға тіркеу орны



Сайлауға мектеп оқушылардың дауыс беру сәті.



10. «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтарымыз» тақырыбында 11-сыныптар арасында танымдық ойын сабагы болып өтті.

Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру. Қазіргі ғылыми білім негізінде дүние жүзінің өркениет құндылықтармен қаруландыруға ниеттерін қалыптастыру. Оқушылардың жан-жақты білімін дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін шындау.

11. ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ПАРЛАМЕНТ ҰЙЫМЫНА ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ.

АНТ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ!

Мектепшілік оқушылар арасында мектеп президентін сайлауының іс-шарасы болып өтті.

Мектебіміздің директоры Ж.Еспенбетов мектеп президенті мен министрлерге төс белгілерін тақты.

**Мектеп директоры
Ж.Еспенбетов құттықтауы**

**Мектеп Президенті Усен Бекзаттың
Ант қабылдау рәсімі**



Мектеп директоры Ж.Еспенбетов пен ЖасҰлан ұйымы





Чинташева Бибігүл «Қазақстаным» әнін шырқады.



Ж.Еспенбетов мектеп президенті мен министрлерге төс белгі тағу рәсімінен үзінді.


Мектебімізде дene шынықтыру пәні мұғалімі Тұржанов Алтынбек және Жас Ұлан ұйымымен ұйымдастырылған 9,10,11 сынып оқушыларының арасында "Шынықсаң-шымыр боласын!" тақырыбында волейболдан жарыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар мен ұстаздардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау.

Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Салауатты өмір салтын насиҳаттау.

Волейбол жарысынан үзінді.



Мектеп директоры Ж.Еспенбетов оқушыларды марапаттау сәтінен

12. Қазан айының соңында 8-11 сыныптар аралығында «Мерекелі, берекелі Алтын күз» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. 25 қазан аралығын қамтыды. Күз мерекесіне орай әр сыныптың қабырға газеттері шығарылды. Іс-шара жәрмеңке түрінде өткізілді. Экологияны таза ұсташа мақсатында әр сынып оқушылары түрлі табиғат қалдықтарынан әр түрлі үлгідегі киім үлгісін көрсетті. «Алтын Күз» ортаға шақырылып, өз ойын, тілегін білдірді. Оқушылардың әдеби монтажы оқылды. Әр сыныптың әсем билері биленді. Күз мерекесімен құттықтау үшін сөз мектеп директоры Ж. Еспенбетов пен ДТІЖО: Н. Арыслановқа берілді. Кештің соңы «Жәрменкеге» ұласты.



Кеш 1-сыныптың «Көңілді күн» биімен ашылды.

8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «**КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН ХАНШАЙЫМЫ**» атты іс-шара болып өтілді.

Мақсаты:

1. Жас үрпакқа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындаپ ашуға, табиғатты сүюге, сақтауға үрнету.
2. Оқушылардың әртістік қабілетін, өзгешеліктерін дамыту, инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

3. Ұқыптылыққа, шымыр да шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, таза әдемі болуға тәрбиелеу.



Кеш жүргізушілері: Өстемір Айша, Ералхан Нұрбол



Сұрақ-жауап бөлімі



Жеңімпазды марапаттау сәті.

13. Қазан айының соңғы аптасында «Тазалық- денсаулық кепілі» тақырыбында 11- сыныптар аралығында қыздар жиналышы өткізілді. Жиналышқа мектеп медбикесі Сман Зәуре қатысып, денсаулық туралы түсініктеме берді.




14. Қараша айының 1 аптасында «12 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға вакцина салу» жөнінде тақырып бойынша ата-аналар жиналышы болып өтілді.

Осы тақырып бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін, Ақжар Денсаулық емханасы қызметкери терапевт Алыбаева Назира Бакиртаевна, психолог Оспанова Гүлімжан Нұржановна, медбике Қошқар Гаухар Мошқалқызы шақырылды. Вакцина салу ата-ананың келісімімен, рұқсатымен жүргізілетіні туралы айттылды.

Жиналышқа мектеп психологы Д.Байбакова, ДТІЖО Н.Арысланов пен Н.Сейдалиева, және мектеп медбикесі З.Сман қатысты.

Жалпы, балаларға вакцина білім беру үйымдарындағы екпе егу пункттерінде жүргізіледі.



Жиналыштың түсіндірме жұмыстарынан үзінді

15. Қараша айының 2 аптасында оқушылардың тазалығы жөнінен жалпы мектепшілік бақылау жүргізілді. Тексеруге мектеп медбикесі, тәлімгер, үйымдастыруыш педагог, әлеуметтік педагогтар қатысты. Барлық сыныптардың тазалығы жақсы, талапқа сай, кабинет тазалықтарында олқылықтар байқалып тұрды, бастауыш сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай, жоғары сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай келе қоймайды.

Шаштары өскен, тырнақтары таза, Барлық сыныпқа анықтама жазылды.

16. Қараша айының 3-аптасында бастауыш сынып оқушылар арасында «Күз кереметі» атты көрме болып өтті.

Көрменің мақсаты: Оқушыларға берекелі күздің қыры мен сырды және ырысы мен қуанышы туралы түсінік беру.

Табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын жасау, таным қабілеттерін ашу. Қоршаған ортаны аялауға, үлкенде құрметтеуге тәрбиелеу.

Табиғаттың сұлулығын, байлығын, жемістер мен көкөністердің адам өмірінің деңсаулығына мол пайдасы бар екендігін оқушыларға жеткізу мақсатында ұйымдастырылды.

Көрмеге барлық оқушылар мен ата-аналары да өздерінің қолдарынан келгенше шеберліктерін көрсетіп, мол сый тарту етті.



«Күз кереметі» көрмесі



Оқушылардың қолөнер жұмыстары

17. Қараша айының 4-аптасында 22.11.2021ж күні, тарих пәні мұғалімі Одилов Азамат, тәлімгер Джураева А. ұйымдастыруышы педагог Алимбекқызы Қалжан ұйымдастырымен «Жемқорлық – ғасыр дерті» тақырыбында 9 «А» сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Қорытынды: Біздің қоғамда сыйайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық құш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыйайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.



18. . 1 желтоқсан – Президент күні болып белгіленуіне байланысты мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды.

Тақырыбы: «Болашаққа үміт отын ұялатқан -Елбасы» деп аталды. 11-сынып оқушысы Жақсылық Мұхаммедали «Мен қазақтың ұлымын»атты әнді орынадады.

4-сынып оқушыларының орындаудында «Қазақ»біi тамаша биленді. 6-сынып оқушылары «Үшқоңыр»күйін орынадады. 6-сынып оқушылары орындаған «өз елім»әні көрермен көңілінен шықты.

Оқушылар Президентке арнаған әдеби монтаждарында өлең жолдарын нақышына келтіріп орынадады. Мектеп кітапханашысы Э.Шертаева «Менің Президентім»атты кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Кеш өз дәрежесінде өтілді.



16. Желтоқсан айының 2 аптасында мектеп тәлімгерінің жетекшілігімен өткен «Жас ұлан» «Жас қыран» үйымының «Жас ұлан» «Жас қыран» болашаққа нық қадам» атты оқушылар арасындағы дөңгелек үстелде «Жас ұлан» «Жас қыран» жарқын болашағымыздың кепілі» атты баяндама оқылды. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымына салтанатты қабылдау жиынын үйимдастырылды.



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар тәуелсіздік күніне арнаған өлең жолдарын тебірене орындалды. «Тәуке ханның жеті жарғысы» көрінісін жоғарғы сынып оқушылары жақсы орындалды. Желтоқсан оқығасына байланысты «Әже мен бала» көрінісін орындал шықты. Тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен жетістіктеріміз жөнінде «Жылдар шеруі»сыр шертті, ұлттық киім киген оқушыларымыз осы шеруге қатысып, хормен «Жаса Қазақстан» әнін орындал, кешті қорытындылады.

